



ХҒТАР 11.15.37
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-92-104>

Оңтүстік Кореядағы ТМД елдерінен келген этникалық кәрістерді қоғамға интеграциялау тәжірибесі

Б.Б. Бюлегенова¹, Б.Р. Шакеева², С.С. Корганова³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²«Туран» университеті, Алматы, Қазақстан

³М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: bulegenova_bb@enu.kz, b.shakeyeva@turan-edu.kz, sevinch_kor@mail.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада авторлар Оңтүстік Корея елінің этникалық кәрістерді көшіруге байланысты көші-қон саясатын жан-жақты қарастырды. Соңғы деректерге сәйкес Оңтүстік Кореяға ТМД елдерінен келген «корёин» немесе «корё-сарам» деп аталып кеткен этникалық кәрістердің саны 800 000 жетіп қалды. Сондықтан қабылдаушы мемлекет тарапынан оларды корей қоғамына интеграциялау мәселесі бүгінгі күні өзекті болып отыр.

Авторлар тарихи, контент-анализ және өмірбаяндық әдістерді қолдану негізінде кәріс репатрианттарының көші-қон тарихын кезең-кезеңдерге бөліп қарастыра отырып, олардың тарихи отанға қайту себептерін анықтауға тырысады. Оңтүстік Кореяның этникалық кәрістерді тарихи отанына тартудың негізгі себебі – елдегі тапшы арзан жұмыс күшінің орнын толтыру болып табылады. Ал репатрианттардың Оңтүстік Кореяға көшу себебі – өмір сүру сапасын, экономикалық жағдайын жақсарту мақсатымен тығыз байланысты.

Алайда қабылдаушы мемлекет тарапынан барлық жасалынған қолайлы жағдайға қарамастан, репатрианттар корей қоғамына интеграциялануда бірқатар қиындықтарға тап болғаны айқындалды. Бірінші кезекте бұл – тіл мәселесі болып саналады. Соған байланысты лайықты жұмыс табу басты проблема күйінде қалып отыр. Осыған байланысты көшіп келген этникалық кәрістер осы мәселелерді шешу үшін өз ішінде желілерді құра бастады. Бұл оқшауланған жабық қауымдастықтар бір жағынан этникалық кәрістердің қабылдаушы қоғамға интеграциялануына үлкен кедергі болса, екінші жағынан, корей қоғамында тұрақтылық пен қауіпсіздік үшін қатер туғызып отыр.

Түйін сөздер: репатриант, корё сарам, корёин, тарихи отанға қайта оралу миграциясы, этникалық кәрістер, кәрістер, Орталық Азия кәрістері, көші-қон саясаты.

Түсті: 05.06.2024; Мақұлданды: 22.01.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

Кіріспе

Репатриация көбінесе халықаралық миграцияның бір түрі ретінде қарастырылады. Репатриация деп этникалық топтардың тарихи отанына оралуын айтады. Әдетте, отанынан жырақта жүрген адамдардың қоныс аударуына үкімет саясаты түрткі болады. Қазіргі әлемде 40-қа жуық ел өз ішінде түрлі репатриация бағдарламаларын жүзеге асырады. Солардың бірі Оңтүстік Корея елі болып табылады.

Бірақ оралмандар атамекеніне оралғанымен, олардың қоғамға бейімделу және интеграциялану процесі мүлде басқа елге қоныс аударған мигранттар сияқты ұқсас проблемаларға тап болады. Себебі, олардың басқа елде сүрген өмірі олардың менталитеті мен мәдениетіне өшпестей із қалдырады. Сол себепті олар отанына оралған кезде, қалыптасқан мәдени және тілдік өзгешеліктерге байланысты қоғамға интеграциялану қиыншылықтарына тап болады.

Ең алдымен «этникалық кәрістер» түсінігін анықтап алайық. Оңтүстік Корея репатриация саясатын қабылдағанда оның анықтамасын нақтылады:

1. Корея Республикасының азаматы болған бірақ басқа елге көшіп, қазіргі кезде шетел азаматы болып табылатын тұлғалар.

2. 1-пункте көрсетілген тұлғаның тікелей ұрпағы [1].

Дәстүрлі түрде Кореяда шетелдік кәрістерге олардың көшіп келген еліне байланысты әртүрлі көзқарастар қалыптастырып, оларды тіпті әртүрлі атпен атаған. Мысалы:

1. Хангук сарам (한국사람) – Корея Республикасының кәрісі;

2. Пукхан сарам (북한사람) – Солтүстік Корея елінің кәрісі;

3. Кёпхо (교포) – шетелдік кәріс, көбінесе АҚШ-тан келген кәріс;

4. Чосонжок (조선족) – Қытайдан келген шетелдік кәріс;

5. Корёин (고려인) немесе Корё сарам – Ресей мен ТМД елдерінен келген шетелдік кәріс.

Кореяға оралған этникалық кәрістердің саны 2000 жылы 101 мың адамнан 2021 жылы 780 000 мың адамға дейін өсті. Сондықтан оларды қоғамға интеграциялау мәселесі корей елінде өзекті болып отыр.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Оңтүстік Кореяда репатрианттардың қабылдаушы қоғамға интеграциялану мәселелерін қарастыру болып табылады. Аталмыш мақалада репатрианттардың туған жеріне қайта көшіп келуінің тарихи алғышарттары, көшкеннен кейін жаңа қоғамда тап болған күрделі әлеуметтік мәселелері, қабылдаушы мемлекет тарапынан жасалған түрлі қадамдар талданады.

Оңтүстік Корея репатриация саясатын зерттеу мен сараптау біз үшін маңыздылығы зор. Себебі Корея тәжірибесінің негізінде Қазақстанда көші-қон саясатында қандастарға қатысты мәселелерді алдын алуға немесе тез арада шешуге септігін тигізеді.

Зерттеу әдістері

Иммигранттардың интеграциялану процесін зерттеу үшін бұл құбылысты екі деңгейде қарастырған дұрыс: институционалдық және жеке адамдар көзқарасы. Себебі

дәстүрлі түрде миграцияны зерттеу көбінде макроталдауға негізделген, атап айтқанда, мемлекеттің саясаты, көші-қон заңнамасы, саяси және әлеуметтік құрылымдардағы көші-қон процесі. Бірақ бұл әдіс репатрианттың жеке мәселелері мен көзқарасын есепке алмайды. Сондықтан бұл зерттеуде тереңдетілген интервью және өмірбаяндық әдістер негізінде жүргізілген зерттеулердің нәтижелері де қатар қолданылды. Мигранттардың интеграция деңгейін бағалау үшін олардың өмірмен қанағаттану дәрежесі және өмір сүру сапасы сияқты маңызды көрсеткіштерді бағалау қажет. Бұл жағдайда тек материалдық жағынан ғана емес, сонымен қатар, моральдық жағынан да аспектілер ескерілу керек. Тереңдетілген интервью арқылы репатрианттардың өмір тәжірибесін салыстырып, осы көші-қон процесін «іштен» қарауға мүмкіндік береді. Осылайша Оңтүстік Кореяға көшіп келген «корё сарамдардың» қоғамға интеграциялануға кедергі болып отырған мәселелерін ашып көрсетуге болады.

Мәселенің шығу тарихы

«Корё сарам» деп атап кеткен этникалық кәрістердің Оңтүстік Кореяға көшу тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады.

1-кезең. «Корё» сөзі біздің заманымыздың 918-1392 жылдар аралығындағы Корей мемлекетінің атауын білдіреді. Ал «сарам» сөзі «адам», «халық» деген мағынада қолданады. «Корё сарам» деп 1860 жылдары Ресейдің Қиыр Шығысында өмір сүрген немесе көшіп келген кәрістердің ұрпақтарын атайды [2]. Сахалиндік кәрістерді де кейде «корё сарам» қатарына жатқызады.

Этникалық кәрістердің Қиыр Шығысқа көшуінің негізгі себептерін тарихнамашылар жапон экспансионизмі мен экономикалық қиындықтармен байланыстырады. Орталық Азиядағы кәріс халқының қоныстану тарихы Ресей Империясы кезеңінен бастау алады. Алғаш рет олар жөнінде ақпарат Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан аумағында 1897 жылы жүргізілген халық санағында ресми түрде көрсетілді [3]. Олар кезінде Чосон түбегінен көшіп келді. Негізінен көшіп келген кәрістердің басым бөлігі Ресейдің Приморск (24 мың адам) және Амур (1,5 мың адам) облыстарында шоғырланды [4].

2-кезең. 1937 жылы Ресейдің Қиыр Шығысындағы кәріс халқы сталиндік қуғын-сүргіннің салдарынан Қазақстан мен Өзбекстанға күштеп қоныстандырылды. 1937-1938 жылдары күштеп жер аударылғандардың ішінде кәрістер саны 170 мыңға жетті [5]. Оларға арнап Өзбекстан мен Қазақстан территориясында арнайы баспана дайындалмады. Кәрістер шөлді және адам тұрмайтын жерлерге көшірілді. Адамдар өз қолдарымен жертөлелерді қазып, оны баспана қылды. Азық-түлік жетіспей, далада шөп жинап, оны азық қылуға тура келді. Билік жабық қауымдастық құру қаупін алдын алу үшін жер аударылғандарды бір жерге шоғырландырмай жан-жаққа әртүрлі ауылдарға бір-бірінен алыс орналастырды.

Жер аударылған кәрістердің құқықтарына қатаң шектеулер қойылды. Атап айтқанда, қоныс аударылғаннан кейін оларға басқа жерлерге көшуге рұқсат берілмеді. Негізінен жер аударылған кәрістер өздеріне берілген жерлерде ауыл шаруашылығымен

айналысты немесе жергілікті халықтың колхоздарына қосылды. Кәрістер қоныстанған ауылдар өзбек, орыс, қазақ қоныстарының арасында үлкен аумақтаа шашырап жатты. Кейбір кәріс балалары қоныс аударғаннан кейін бірден орыс мектебіне барды. Соның салдарынан бір-екі ұрпақтың ішінде қоныс аударған кәрістер орыстілді болып шыға келді.

3-кезең. КСРО ыдырап, тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуынан бастау алады. 1991 жылы сәуірде «Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды ақтау туралы» РСФСР Заң қабылдады. Бұл заң бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды толық ақтап, бұрынғы тұрғылықты жеріне қайта оралуға мүмкіндік берді. Кейінірек, 1993 жылы ол Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесінің «Ресей кәрістерін оңалту туралы» арнайы қаулысымен толықтырылды [6]. Әкімшілік шектеулер жойылғаннан кейін кәрістердің едәуір бөлігі Ресейге, негізінен оның орталық аймақтарына қоныс аударды.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін этникалық кәрістер бірегейлік мәселесіне тап болды. Кеңес азаматтары ең алдымен «кеңестік адамдар» ретінде өзін-өзі идентификациялады, ал олардың этникалық бірегейлігі екінші орында тұрды. Ал мемлекеттер тәуелсіздік алғаннан кейін кәрістер «этникалық азшылық» мәртебесіне ие болды [7]. Егемендікке жаңадан ғана қол жеткізген бұрынғы кеңестік елдер өзінің ұлттық саясатын жүргізе бастады. Сонымен қатар осы тұста саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтың әсері де байқалды. Сондықтан кәрістер посткеңестік мемлекеттерден Еуропа мен Америка Құрама Штаттарына және Оңтүстік Кореяға біртіндеп көше бастады.

4-кезең. Бұл кезең этникалық кәрістердің тарихи отанына оралу үрдісімен тікелей байланысты. 1980 жылдардың басынан бастап Оңтүстік Кореяның қарқынды экономикалық өсуіне және елдегі демографиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты кәрістердің шетелге еңбек миграциясы төмендеді [8]. 1990 жылдары кейбір салаларда жұмыс күшінің тапшылығына байланысты Оңтүстік Корея жұмыс күшін импорттаушы елге айнала бастады. Оңтүстік Кореяда тұрақты тұратын шетелдіктер саны соңғы екі онжылдықта қарқынды өсіп келеді. Шетел мигранттар ағыны негізінен Қытайдан, бұрынғы КСРО елдерінен, Моңғолиядан, Вьетнамнан, Оңтүстік-Шығыс Азиядан және т.б. мемлекеттерден ағыны әлі күнге дейін жүріп жатыр. Осылайша, қазіргі кезде статистикалық мәліметтер бойынша Оңтүстік Кореяда шетелдіктер жалпы халық санының екі пайыздан астамын құрайды. Бірақ оған сараптама жүргізсек, шетелдіктердің көбісі этникалық кәрістер болып келеді. Мысалы, статистика бойынша, елде 1 миллионнан астам Қытай азаматы тұрады. Ал оның 627 004-і этникалық кәрістер болып саналады [9].

1997 жылы шетелдегі кәрістерді тарихи отанына тарту үшін Оңтүстік Корея үкіметі Сыртқы істер министрлігімен бірге «Шетелдік кәрістер» қорын құрды. Арнайы репатриация саясатын қабылдады. 2005 жылы репатриация саясаты кеңейіп, ТМД елдеріндегі диаспоралармен өзара әрекеттесу бағдарламасы қосылды. Соның нәтижесінде шетелдегі кәрістерді қолдаудың құқықтық және қаржылық желісі құрылды. Кейінірек, 2007 жылы, шетелдегі кәрістер арасында шетелдік жұмыс күшін тарту үшін үкімет, әсіресе Қытайдан және бірнеше посткеңестік мемлекеттерден келген этникалық кәрістер үшін жұмыс визасының жаңа түрін (H-2) енгізді.

Этникалық кәрістер осы бағдарлама негізінде тарихи отанына оралу мүмкіндігін қолданып, көптеп көше бастады. Қытайдан және бұрынғы КСРО елдерінен келген этникалық кәрістердің айтарлықтай көп бөлігі Сеул мен көршілес қалаларға тығыз қоныстанған. Көші-қон ағындарының ауқымы, нысандары мен бағыттары бірқатар күрделі экономикалық, әлеуметтік, саяси және психологиялық проблемаларды туындатып отыр. Осылайша, қазіргі уақытта Корея Республикасында иммигранттардың интеграциясы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Нәтижелер мен талқылаулар


Алдымен заң жүзінде репатрианттардың құқын қорғау мен қойылатын талаптар ретке келтірілді. 1999 жылғы кәрістердің шетелдегі иммиграция және құқықтық мәртебесі туралы актісіне түзетулер енгізілді. Кәріс азаматтығын алған адамдардың немесе олардың тікелей ұрпақтарының кіруіне, тұруына немесе экономикалық қызметіне кепілдік беретін «Кореядағы шетелдіктермен қарым-қатынас туралы заңның» 17-бабы; «Иммиграцияны бақылау актісі», «Көп ұлтты отбасыларды қолдау актісі», «Ұлттық медициналық сақтандыру туралы заң», «Міндетті бастауыш және орта білім туралы заң», «Ұлттық зейнетақыны сақтандыру туралы заң», «Жұмыспен қамту туралы заң» және т.б. заңдарды қабылдау мен толықтырулар енгізілді. Осылайша, Корея Республикасының үкіметі репатрианттардың құқықтарын тең дәрежеде сақтау мақсатында әртүрлі министрліктер мен мемлекеттік органдардың құзырына жататын көптеген заңдарда бекітілген күрделі жүйесі бар. Заң негізінде барлық жағдай жасалынған.

Мемлекет тарапынан репатрианттарды қабылдаушы қоғамға интеграциялау мақсатымен жасалған жұмыс аз емес. 2000 жылы репатрианттарды оқыту мен жұмыспен қамту жүйесі енгізілді. 2004-2007 жылдар аралығында этникалық кәрістерге жұмысқа тұрудың жолдарын жеңілдету заңдары қабылданды. 2009 жылы қос азаматтыққа рұқсат берілді.

2010 жылы Азаматтық туралы заңға түзетулер енгізілді. Репатрианттарға азаматтық алу үшін біршама жеңілдетілген жағдайлар жасалынды. Сонымен қатар, сол жылы жұмыс визасымен келген этникалық кәрістерге ұзақ елде қалуға немесе отбасын шақыруға жағдай жасайтын арнайы жеңілдіктер бар заңдар жүйесі қабылданды. Жалпы алғанда Ким Дэ Чжун (1998-2003 жж.) аралығында билік еткен президент әкімшілігінен бастап қазіргі уақытқа дейін шетелдік кәрістерге қатысты саясат белсенді жүргізіле бастады.

Интернетте жүктеп алуға барлығына қолжетімді арнайы «Шетелде тұратын этникалық кәрістердің Кореяда тұруына қолдау көрсету үшін жеке нұсқаулық» орыс тілінде құрастырылған. Бұл кішігірім кітапшада ең маңызды ақпарат жинақталған. Мысалы, төмендегі 1-суретте «Уақытша тұру» мәртебесін алу үшін қажетті әрекеттер сызбасы көрсетілген [10].

1-сурет. Елге кіргеннен кейін уақытша тұру мәртебесін алу үшін қажетті қадамдарға шолу



Сонымен қатар, атап өткен нұсқаулықта әр түрлі визамен қай жерде жұмыс істеуге болады, қайсысымен белгілі бір шектеулер бар екенін көрсететін кесте де қарастырылған. Мысалы, Н-2 визамен көп жерде жұмыс істеуге шек қойылған. F-2 визамен жұмыс орындарын таңдауда біршама жеңілдік қарастырылған. Ал F-5 виза иегерлеріне жұмыс бойынша ешқандай да шектеулер жоқ:

1-кесте. Кореядағы жұмыспен қамту салаларын салыстыру кестесі

Мамандығы:	Шетелдік отандас визасы (F-4)	Жұмыс визасы (H-2)
Ауруды күтуші	Рұқсат	Ішінара рұқсат етілген
Сертификатталған медбике көмекшісі	Рұқсат	Тыйым салынған
Үй қызметкері/ Бала күтуші	Рұқсат	Ішінара рұқсат етілген
Өңдеу өнеркәсібінде жұмыс	Ішінара рұқсат етілген	Рұқсат
Жеткізу қызметі	Тыйым салынған	Ішінара рұқсат етілген

Жалпы репатрианттарға жұмысты мемлекеттен арнайы рұқсат етілген компаниялар ғана бере алады. Көбінде олар өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы/мал/балық шаруашылығы, қызмет көрсету саласы және т.б. салаларды қамтиды.

Көшіп келетін репатрианттарға көмек көрсету орталықтары бар. Қазіргі кезде 11 Этникалық корейлерге уақытша қолдау көрсету орталықтары жұмыс істейді (2).

2-сурет. Этникалық корейлерге уақытша қолдау көрсету орталықтары

№	Название организации	Адрес	Контактная информация
1	Центр поддержки интеграции Корёин в г. Кёнсанбук-до [경상북도 고려인통합지원센터]	2F, 369, Geumseong-ro, Gyeongju-si, Кёнсанбук-до	054-742-4336
2	Деревня Корёин (Объединенная ассоциация) [고려인마을(사단법인)]	35, Sanjeonggongwon-ro 28beon-gil, Gwangsan-gu, Кванджу	062-961-1925
3	Номо (Объединенная ассоциация) [너머(사단법인)]	37, Jigok-ro 6-gil, Danwon-gu, Ансан-си	031-493-7056
4	Мультикультурная деревня (Объединенная ассоциация) [다문화마을(사단법인)]	3F, 65, Hwarang-ro, Danwon-gu, Ансан-си	031-495-2288
5	Мультикультурный центр в г. Тэджон [대전다문화센터]	30, Gyeryong-ro, Yuseong-gu, Тэджон	042-543-1191
6	Юго-западный Глобал центр [서남권글로벌센터]	40, Досин-ро, Ендеунпо-гу, Сеул	02-2229-4900
7	Образовательный и социальный кооператив «Зеленая звезда» [초록별교육사회적협동조합]	подразделение № 401, 4-2, Sinbogun-ro 7-gil, Songak-eup, Dangjin-si, Чхунчхоннам-до	041-357-7194
8	Корейский центр поддержки иностранных работников [한국외국인노동자지원센터]	1F, Youngjin Office Building B, 1291, Nambusunhwan-ro, Guro-gu, Сеул	02-6900-8000
9	Корейская национальная федерация [한민족연합회]	14, Daerim-ro 19-gil, Yeongdeungpo-gu, Сеул	02-2676-6966
10	Корейско-китайская ассоциация обмена [한중교류협회]	5F, Cheongam Building, 15-3, Gangnam-daero 18-gil, Seocho-gu, Сеул	02-522-7411
11	Церковь любви Ханнчжун (Объединенная ассоциация) [한중사랑교회(사단법인)]	Подразделение № 201, Inhwa Obelia, 14, Nambusunhwan-ro 105-gil, Guro-gu, Сеул	02-837-9296

Сондай-ақ, Кореяның шетелдік азаматтары үшін Әділет министрлігі еркін иммиграцияны және тұрақты тұруды қолдау үшін әртүрлі шараларды қабылдауда, атап айтқанда, қысқа мерзімді виза (С-3), жұмыс визасы (Н-2), шетелдік ұлттық виза (F-4) және тұрақты тұру (F-5) құқығы бар адамдар санын кеңейту. Сондықтан Көші-қон байланыс орталығы өте қолжетімді. Кез келген адам телефон, не әлеуметтік желі арқылы хабарласып, керек ақпаратты ала алады.

Ал репатрианттардың жаңа қоғамға интеграциялану процесі субъективті көзқарастар негізінде қалыптастыратынына қарамастан, белгілі бір заңдылықтарды анықтауға болады. Негізінен, олардың Кореяда болу ұзақтығына, тілдік қабілеттері мен болашаққа жоспарларына қарай 3 түрге бөліп көрсетуге болады:

Репатрианттардың бірінші тобы Оңтүстік Кореяға көшіп келгенін өміріндегі дұрыс шешім ретінде қабылдайды. Көбінде, осы топқа жататын адамдардың тұрақты жұмыс орны бар немесе Кореяда жоғары оқу орынды бітіріп, кәріс тілін жақсы меңгерген. Балалары мен өмірін толығымен осы мемлекетпен байланыстырады, яғни өзін толығымен кәріс ретінде сезініп, тарихи отанымен бірегейленеді.

Екінші топқа этникалық кәрістерге берілген мүмкіндікті пайдаланып, өзінің өмірін жақсартуға тәуекел жасап келген репатрианттарды жатқызуға болады. Көбінде олардың бірегейленуі әлі толығымен анықталмаған. Алдына қойған мақсаттары орындалмаса, қайта еліне қайту жоспарын да тастамайды.

Үшінші топқа тиесілі адамдар өзін кәріс ұлтымен мүлдем бірегейленбей, арасындағы үлкен мәдени, тілдік, ділдік айырмашылықтарды алға тартады. Көбінде олар өз өмірін Кореямен байланыстырмайды, сондықтан кәріс тілін үйренуге асықпайды. Сондай-ақ, жергілікті халықтың репатрианттарды қабылдамай, өздерінен аулақ ұстауды жөн көреді.

Респонденттердің көпшілігі иммиграция және виза туралы ақпараттың негізгі көзі ретінде Кореяға олардан бұрын көшіп келген туыстары мен таныстарын атады. Ал Иммиграция жөніндегі арнайы немесе елшілік веб-сайты сияқты ресми ресурстардың нақты әрі толық ақпарат бермейтінін атап өтті. 2010 жылдардың соңында келген респонденттердің көпшілігі иммиграция жөнінде ақпарат алудың тағы бір көзі ретінде Интернет, хабарлама тақталары және әлеуметтік желілер деп белгіледі.

Жалпы алғанда ТМД елдерінен келген этникалық кәрістердің жаңа қоғамға интеграциясы жоғары бағаланады. Себебі репатрианттардың көбісі интеграцияның маңыздылығын түсініп, қабылдаушы қоғамның құндылықтарын қабылдап, тіл үйреніп, оның белсенді мүшесі болуға тырысуда.

Көптеген зерттеулерде Оңтүстік Кореяға қайтып оралған репатрианттардың бейресми қоғамда қабылданған иерархиясы бар екенін айтады. Иерархияда американдық кәрістер бірінші қатарда болса, олардан кейін жопан кәрістері, кейін қытай кәрістері, ал төменде посткеңестік кәрістер деп бөлген [11]. Осындай стереотиптің пайда болуы Кореяның репатрианттарға қатысты саясаты мен виза түрлерінен деп айтуға болады. Себебі репатрианттарға арнайы қабылданған F-4 визасы өте аз беріледі, сондай-ақ, оны Қытай мен посткеңестік елдерден шыққан кәрістерге көп жағдайда беріле бермейді. Бұл әлеуметтік теңсіздікті қытай кәрістері бірнеше мәрте сынға алды. Оңтүстік Кореяның тоғызыншы президенті Но Му Хён (2003-2009) билігі кезінде ғана өзгерістер енгізіліп, Қытай мен ТМД елдерінен этникалық кәрістердің келуіне жол ашылды [12]. Посткеңестік елінен келетін этникалық кәрістердің көбі H-2 визасымен келеді. Ал бұл виза біліктілігі төмен мигранттарға берілгенімен, этникалық кәріс емес шетелдік еңбек мигранттарымен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие.

Интеграциялануда негізгі мәселелерге келетін болсақ, репатрианттар бірінші кезекте тілдік кедергілерді алға тартады. Келесі мәселе – бұл жұмыс табу мәселесі. Білім мен

біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі немесе өз елдерінде алған дипломдарын Кореяда мойындамау мәселелері де жұмыс табуға үлкен кедергі болып тұр. Бұл мәселелер жиынтығы іс жүзінде мигранттарды қызметтің бірқатар салаларында жұмыс істеуге мүмкіндігінен айырады.

«Корё-сарам» өкілдері кәріс тілін қажет етпейтін өзіндей ТМД елдерінен олардан бұрын көшіп келген мигранттарда жұмыс істеуге барады. Тіпті кейбір репатрианттардың пікірінше, жергілікті тұрғындардың арасында Корёинге деген белгілі бір жағымсыз көзқарас қалыптасқан, сондықтан жергілікті халықпен жұмыс істеу қиын деп есептейді. Расында да, тілдік және жалпы жұмыс мәдениетіндегі айырмашылықтарды ескере отырсақ, жергілікті компанияларда жұмыс істеу жаңа жұмыс жағдайларына және ортаға үйрену бірқатар қиыншылықтарды туғыздырады. Сондықтан жұмыс берушілердің барлығы иммигранттармен жұмыс істеуге дайын еместігін ескере отырып, иммигранттар топтарының өкілдері өздерінің бизнес құрылымдарын, кәсіпорындарын және фирмаларын құрып, жеке кәсіпкерге айналады.

Осылайша, кәсіпкерлік белсенділік, ең алдымен, репатрианттардың өздері үшін бөтен ортада тіршілік ету құралы болып табылады. Бұл жағдайда ортақ бірегейлігіне негізделген жаңа әлеуметтік желілер «репатрианттар желілері» қалыптасады. Осындай желілер қабылдаушы қоғамға бейімделуге байланысты болатын уақытша экономикалық және психологиялық ауыртпалықтарды азайтуға септігін тигізеді. Бірақ осындай жабық желілердің пайда болуы қабылдаушы қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігі үшін үлкен кедергі болып келеді. Сондықтан Оңтүстік Корея үшін «корё сарам» және тағы басқа этникалық кәрістерді қоғамға интеграциялау мәселесі өте өзекті болып отыр.

Қорытынды

Жаһандану процестері, сондай-ақ экономикалық өсу Оңтүстік Кореяны азиялық жұмыс күшінің донорларының бірінен шетелдік жұмыс күшін жаппай импорттаушыға айналдырды. Бастапқыда Оңтүстік Корея репатрианттарды қабылдау саясаты көптеген шектеулерге толы болды. Бірте-бірте «этникалық кәріс» түсінігі толықтырылып, посткеңестік елдеріндегі этникалық кәрістерге Оңтүстік Кореяға көшуге арнайы бағдарлама құрылды.

Қазіргі уақытта Кореяға көшіп бара жатқан «Корё сарам» саны қарқынды өсуде. Көптеген этникалық кәрістер өмірін жақсарту мақсатымен көшіп келіп жатыр. Репатрианттар жоғары табыстан басқа Оңтүстік Кореяға көшу мен қалудың қызықтыратын факторы ретінде жайлылық, тұрақтылық және қауіпсіздік деп көрсеткен болатын.

Оңтүстік Корея репатрианттарды қабылдауда ұзақ уақыт тәжірибе негізінде жұмысын жүйелендірген. Әр виза түрінде өзінің ерекшеліктері бар. Көшіп келуші мигрант ол жөнінде ақпаратты көші-қон байланыс орталықтарынан ала алады. Жалпы алғанда Оңтүстік Кореяның этникалық кәрістерді тарихи отанына қайтару саясатының мәні арзан жұмыс күші ретінде этникалық жағынан біркелкі төмен білікті мигранттарды шақыру болып табылады.

Алайда қабылдаушы қоғамға интеграциялану процесі көптеген мәдени, тілдік, ділдік сияқты басқа да факторларға тәуелді болып келеді. Этникалық кәрістер интеграция барысында тап болған мәселелер мен қиыншылықтарды шешу үшін өз ішінде жабық желілерді құрады. Ол өз кезегінде қабылдаушы қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігі үшін үлкен кедергі болып келеді.

Қаржыландыру. Бұл зерттеу ҚР ҒЖБМ ҒК-нің қаржыландыруы аясында «Қазақстандық қоғамға қандастарды интеграциялаудың идентификациялық аспектілері» тақырыбында әзірленді (AP19174912).

Авторлардың қосқан үлесі.

Б.Б. Бюлегенова – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, теориялық әдебиетпен жұмыс, материалдар жинау және талдау;

Б.Р. Шакеева – зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып талдау, теориялық және материалдық деректерді жинақтап талдау жүргізу;

С.С. Корганова – теориялық және материалдық деректерді жинақтап талдау жүргізу, мақаланы техникалық рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Ким Е.В. Корейцы Сибири: этносоциальные, этнополитические процессы XX-XXI вв.: диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Новосибирск, 2014. – 225 с.
2. Шин Д.В. Советские корейцы – Герои Социалистического труда. – Москва, 2021.
3. Wishnick E. Migration And Economic Security: Chinese Labour Migrants In The Russia Far East. In Crossing National Borders: Human Migration Issues In Northeast Asia, 1st ed. – Tokyo: United Nations University, 2005. – P. 68-92.
4. Селищев А.С. Русские и корейцы: опыт первых контактов 1854- 1884 гг. – СПб.: Нестор-История, 2013. – 256 с.
5. Kim A. On the Preparation and Conduct of the Repression of Koreans in the 1930s Soviet Union // Historian. – 2013. – Vol.75(2). – P. 262-282.
6. Методические рекомендации и материалы по восстановлению прав жертв политических репрессий [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: http://www.coast.ru/referats/librery1/editions/perm1/3_05.htm (Дата обращения 05.06.2024).
7. Khan V.S. The Korean Minority In Central Asia: National Revival And Problem Of Identity // International Journal Of Central Asian Studies. Seoul: Institute of Asian Culture and Development. – 1998. – Vol.3. – P. 66-77.
8. Kwon T.H. International migration of Koreans and the Korean community in China // Korea Journal of Population and Development. – 1997. – Vol. 26 (1). – P. 1-18.
9. Korea Immigration Service. [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <http://immigration.go.kr/> (Дата обращения 05.06.2024).
10. Индивидуальное руководство для этнических корейцев, проживающих за рубежом, в целях поддержки их обустройства в Корею. [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <https://www.corrections.go.kr/bbs/immigration/47/446183/download.do#>: (Дата обращения 05.06.2024).

11. Kim J., Kwon Y.-S. Economic development, the evolution of foreign labor and immigration policy, and the shift to multiculturalism in South Korea // *Philippine Political Science Journal*. – 2012. – Vol. 33. – P. 178–201.

12. Yun A. Koryo saram: post-soviet koreans' identity as low-skilled workers in South Korea // *Central Asia Program Paper*. – 2022. – Vol. 274. – P. 1–12.

Б.Б.Бюлегенова¹, Б.Р.Шакеева², С.С. Корганова³

¹*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Университет «Туран», Алматы, Казахстан*

³*Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан*

Проблема интеграции репатриантов в общество из стран СНГ в Южной Корее

Аннотация. В данной статье авторы комплексно рассмотрели миграционную политику переселения этнических корейцев в Южную Корею. По последним данным, число этнических корейцев, переехавших в Южную Корею из стран СНГ, называемых «корёин» или «корё-сарам», достигло 800 тысяч. Поэтому вопрос их интеграции в корейское общество является актуальным.

На основе исторического, контент-анализа и биографических методов исследования авторы поэтапно анализируют историю миграции корейских репатриантов и пытаются определить причины их возвращения на историческую родину. Основная причина привлечения этнических корейцев в страну это — восполнение дефицита дешевой рабочей силы в Южной Корее. А причина, по которой репатрианты переезжают в Южную Корею связана с целью улучшения качества жизни и экономических условий.

Однако, несмотря на все благоприятные условия, созданные принимающей страной, репатрианты сталкиваются с рядом трудностей в процессе интеграции в корейское общество. Прежде всего, это языковая проблема. А также проблема поиска подходящей работы остается актуальной. Поэтому этнические корейские иммигранты начали формировать между собой сети для решения этих проблем. С одной стороны, эти изолированные закрытые общины являются серьезным препятствием для интеграции самих этнических корейцев в принимающее общество, а с другой стороны, они представляют угрозу стабильности и безопасности корейского общества.

Ключевые слова: репатриант, Корё сарам, Корёин, историческая возвратная миграция, этнические корейцы, корейцы, корейцы Центральной Азии, миграционная политика.

B.B. Byulegenova¹, B.R. Shakeeva², S.S. Korganova³

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Turan University, Almaty, Kazakhstan*

³*M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan*

The problem of integration of repatriates into society from the CIS countries in South Korea

Abstract. In this article the authors describe a comprehensive migration policy for the resettlement of ethnic Koreans to South Korea. According to the latest data, the number of ethnic Koreans who moved

to South Korea from the CIS countries, called “Koryoin” or “Koryo-Saram,” has reached 800 thousand. Therefore, the question of their representatives in Korean society is relevant.

Based on historical, content analysis and biological research methods, the authors gradually analyze the history of migration of Korean repatriates and try to determine the reason for their return to their historical homeland. The main reason for attracting ethnic Koreans to the country is to fill the shortage of cheap labor in South Korea. The reason why repatriates move to South Korea is concerned with the goal of improving the quality of life and economic conditions.

However, despite all the favorable conditions created by the host country, repatriates will have to face difficulties in the process of integration in Korean society. First of all, this is a language problem. The problem of finding work to complete also remains relevant. Therefore, ethnic Korean immigrants began to form a network among themselves to solve these problems. On the one hand, these isolated gated communities are a major obstacle to the integration of ethnic Koreans in the host society, and on the other hand, such closed networks ensure the stability and security of Korea.

Keywords: repatriate, Koryo saram, Koryoin, historical return migration, ethnic Koreans, Koreans, Central Asian Koreans, migration policy.

References

1. Kim E.V. Koreitsy Sibiri: etnosotsial'nye, etnopoliticheskie protsessy XX–XXI vv. [Koreans of Siberia: ethnosocial, ethnopolitical processes of the 20th-21st centuries], Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata istoricheskikh nauk [dissertation for the degree of Candidate of Historical Sciences], 225 (2014). [in Russian]
2. Shin D.V. Sovetskie korejcy – Geroi Socialisticheskogo truda [Soviet Koreans - Heroes of Socialist Labor] (Moscow, 2021). [in Russian]
3. Wishnick E. Migration And Economic Security: Chinese Labour Migrants In The Russia Far East. In Crossing National Borders: Human Migration Issues In Northeast Asia, 1st ed. Tokyo: United Nations University, 2005. – P. 68-92.
4. Selishhev A.S. Russkie i koreitsy: opyt pervykh kontaktov 1854- 1884 gg. [Russians and Koreans: the experience of first contacts 1854-1884.] (Nestor-Istoriya, SPb, 2013, 256 p.). [in Russian]
5. Kim A. On the Preparation and Conduct of the Repression of Koreans in the 1930s Soviet Union, Historian, 75(2), 262–282 (2013).
6. Metodicheskie rekomendatsii i materialy po vosstanovleniyu prav zhertv politicheskikh repressii [Methodological recommendations and materials on restoring the rights of victims of political repression]. [Electronic resource]. - 2017. Available at: http://www.coast.ru/referats/librery1/editions/perm1/3_05.htm (Accessed: 05.06.2024). [in Russian]
7. Khan V.S. The Korean Minority In Central Asia: National Revival And Problem Of Identity, International Journal Of Central Asian Studies, Seoul: Institute of Asian Culture and Development, 3, 66-77 (1998).
8. Kwon T.H. International migration of Koreans and the Korean community in China, Korea Journal of Population and Development, 26(1), 1–18 (1997).
9. Korea Immigration Service. [Electronic resource]. - 2017. - Available at: <http://immigration.go.kr/> (Accessed: 05.06.2024).

10. Individual'noe rukovodstvo dlya etnicheskikh koreitsev, prozhivayushikh za rubezhom, v tselyakh podderzhki ikh obustroistva v Koree [Individual guidance for ethnic Koreans living abroad to support their settlement in Korea] [Electronic resource]. -2017. - Available at: <https://www.corrections.go.kr/bbs/immigration/47/446183/download.do#>: (Accessed: 05.06.2024). [in Russian]

11. Kim J., Kwon Y.-S. Economic development, the evolution of foreign labor and immigration policy, and the shift to multiculturalism in South Korea, Philippine Political Science Journal, 33, 178-201 (2012).

12. Yun A. Koryo saram: post-soviet koreans' identity as low-skilled workers in South Korea, Central Asia Program Paper, 274, 1-12 (2022).

Авторлар туралы мәлімет :

Бюлегенова Б.Б. – саясаттану ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Шакеева Б.Р. – PhD, «Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан.

Корганова С.С. – философия ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан.

Byulegenova B.B. – Candidate of Political Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Shakeyeva B.R. – PhD, «Turan» University, Almaty, Kazakhstan.

Korganova S.S. – Candidate of Philosophy, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).